

Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 наурыздағы № 27/174 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 наурыздағы № 51/358 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 наурызда № 5770 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2021 жылғы 1 наурыздағы № 3/30 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 01.03.2021 № 3/30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 наурыздағы № 27/174 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2587 болып тіркелген, 2014 жылғы 19 сәуірдегі № 17 (9611) " Жаңаарқа" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 30 мамырда жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларының:

мемлекеттік тілдегі 7 тармақтың 4)-тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылады:

"4) Халықаралық мүгедектер күні (қазанның екінші жексенбісі);";

7 тармақ келесі мазмұндағы 5) және 6) - тармақшалармен толықтырылсын:

"5) 6 шілде – Астана күні;"

"6) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.";

9 тармақ келесі мазмұндағы 3-1) - тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Астана күні және Тәуелсіздік күні мерекелеріне:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқытылатын балалары бар көпбалалы азқамтылған отбасыларға;"

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Жаңаарқа аудандық мәслихат хатшысы

Ж. Рыспеков

К. Имантусупов